


Келісемін:

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ермуханбетов С.К.



Бекітемін:

Мектеп директоры

Османова Р.Я.



**2023-2024 оқу жылына арналған 9 «А» сыныптың
тәрбие жұмысының жоспары**

Сынып жетекші: Джантасова А.К

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

1. ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ
2. АР-ҰЯТ
3. ТАЛАП

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (мемлекетшілдік)

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету
 - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу
 - Ұлттық мәдениетті дәріптеу
 - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
 - Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
 - Елінің тарихын құрметтейді
 - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
 - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды

АР-ҰЯТ

- «Ар-ұят және жауапкершілік»
- Халқына адал қызмет ету
- Адал еңбекті құрметтеу
- Сөзіне берік, ісіне адал болу
- Отбасының, өз ортасының абыройын асыру
- Академиялық адалдыққа ғидатын қолдау
- Әдеп нормаларын ұстану
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну
 - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
 - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады
 - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

ТАЛАП

- Сыни және креативті ойлау
 - Жеке және командамен жұмыс істей білу
 - Білуге, жаңаны тануға құштар болу
 - Физикалық белсенді болу
 - Салауатты өмір салтын ұстану
 - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету
 - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу
 - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау
- Жан мен тән тазалығын сақтайды
 - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді
 - Қоршаған орта тазалығын сақтайды
 - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық
 - Ізденімпаз, жасампаз тұлға

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

- ❖ Білім мазмұны
 - ❖ Нарратив /идеология
 - ❖ Әлеуметтік практикалар /жобалар
 - ❖ «Soft power» әлеуеті (спорт, мәдениет, өнер)
 - ❖ Мемлекеттік органдармен бірлескен шаралар
 - ❖ Қосымша білім беру: үйірме, секция, курстар
 - ❖ Элективтер
 - ❖ Интеллектуалды, мәдени- шығармашылық, спорттық шаралар
 - ❖ Ата-аналармен бірлескен шаралар
- Сынып сағаттары**
- «Ар-ұят және жауапкершілік»
 - «Біздің қоғамдағы әділеттілік»
 - «Іс-әрекеттегі мейірімділік»
 - «Мейірімділік құндылығы»
 - «Күнделікті өмірдегі адалдық»
 - «Этикалық құндылықтарды дамыту»

- «Отаншылдық және оның мәні»
- «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз»
- «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
- «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
- «Қоғамдық игілікке қызмет ету»
- «Денсаулық және дұрыстамақтану мәдениеті»
- «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
- «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
- «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
- «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»

Әлеуметтік тәжірибелер, жобалар

- «Еңбегі адал жас өрен»
- «Жеткіншектің жеті жарғысы»
- «Балалар кітапханасы»
- «Ұлттық мектеп лигасы»
- «Қайырымдылық»
- «Қарияға қол ұшын соз»
- «Таза аула»
- «Жасыл мектеп»
- «Эковолонтерлер»
- «Экологиялық мониторинг»
- «Экологиялық туризм»
- «Үнемді тұтыну»
- «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла»
- «Мектептегі энергияны үнемдеу»
- «Судың да сұрауы бар»
- «Қолөнер шеберханасы»
- «Мектеп қабырғасындағы бизнес»
- «Аспаздық жоба»
- «Бейбіт күннің қаһармандары»
- «Өнер мен құндылықтар»
- «Тарихқа құрмет»
- «Менің отбасымның өмірлік жолы»
- «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру»

- «Күнделікті пайдалы тағам»
- «Зиянды әдеттер аулақ бол»
- «Спорт және мен»
- «Қауіпсіздік және алғашқыкөмею»
- «Психологиялық әл-ауқат жәнестресске төзімділік»
- «Ұйқы және оның денсаулыққаәсері»
- «Экранға тәуелділік: заманауижаман әдет»
- «Цифрлық гигиена»

Жобамен жұмыс істеу барысын- да жобаға жетекші педагог білімалушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңес- ші ретінде қолдау көрсетіп, олар- дың шығармашылық ізденістері- не сенім білдіріп, өз жұмысыныңнәтижесі үшін өз бетінше шешімқабылдауына мүмкіндік беруімаңызды.

Ұсынылған тақырыптарды білім алушылардың жас ерекшелік- теріне сәйкес таңдау қажет.

Тәрбие тұғыры

Ұлттық мүдде

Тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, Ұлттық қауіпсіздік, патриоттық ұрпақ.

Ұлттық мирас

Табиғи мұра, мәдени мұра, ұлт тарихы, тарихи жады, этноәлеуметтік қатынастар, Ұлттық экономика, рухани өмір.

Ұлттық мәдениет

Халық ауыз әдебиеті, киссалар, дастандар, Батырлар әндері, ертегілер, аңыздар, әндер, әндер, билер, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық қолөнер, айтыс өнері мен дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, суымдар мен тыйымдар.

Тарихи жерлер

Сығанақ, Отырар, Сарайшық, Ақмешіт, Есік қорғаны, Ұлы Жібек жолы, Сарыарқа даласы, Байқоңыр, Алаш хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Арыстанбаб кесенесі, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Айшы бибі, Қорқыт ата, Бекет кесенесі қалаларының мұрағаттары, Мәшһүр Жүсіп, Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Мағжан, Сәкен, және т. б.

Табиғи мұра

Баянауыл, Іле Алатауы, Алтынемел, Бурабай, Қарқаралы, Катонқарағай, Шарын шатқалы, Сайрам-Өгем, Көлсай, Жоңғар Алатауы, Тарбағатай, Ұлытау, Ақсу-Жабағылы, Наурыз, Барсакелмес, Қорғалжын, Марқакөл, Үстірт, Батыс Алтай, Марқакөл, Алакөл, Қаратау.

Көшпелілер өркениетінің мұрасы

Ботай кенті, Тамғалы ""Алтын адам", домбыра, киіз үй, кобыз, бесік, Этно ауыл және орталықтар

Қазақстан - қызғалдақ пен алманың отаны

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
9 А сынып 2023-2024 оқу жылы

ҚЫРКҮЙЕК

Білім айы

№	Құндылық	Атаулы күндер	Тақырыбы	Мақсаты	Мер
1	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	1 қыркүйек – Білім күні	«Мектебім – мейірім мекені»	Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу.	01
2	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	1 қыркүйек – Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне «Тіл тазалығы» іс-шаралары	«Ұлттың ұлы ұстазы»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.	04
3	АР-ҰЯТ	Отбасы күні	«Отбасы – бақыт мекені»	Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.	11
4	ТАЛАП		«Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік»	Жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.	18
5	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	22 қыркүйек – Тілдер мерекесі	«Тіл мерейі, ел мерейі»	Қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.	25

ҚАЗАН

Алаш азаматтарын ұлықтау айы

1	АР-ҰЯТ	1 қазан – Қарттар күні	«Дария кеуде тау мүсін, қарттарым есен-саумысың?»	Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу.	02
2	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	Мағжан Жұмабаевтың туғанына – 130 жыл	«Мен жастарға сенемін»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.	09
3	ТАЛАП		«Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткеніңді сараптап, келер күнді бағамда»	Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.	17
4	ҰЛТТЫҚ	25 қазан – Республика	«Менің Отаным – менің	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік	23

	МҮДДЕ	күні	болашағым»	рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу.	
5		Ата-аналар жиналысы		Оқушылардың оқу үлгерімі және тәртібі	
ҚАРАША Поэзия айы					
1	АР-ҰЯТ		«Әкеге ізет, анаға құрмет»	Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығымен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.	06.11
2	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	15 қараша – Ұлттық валюта күні	«Төл теңге – Тәуелсіздік символы»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу.	13.11
3	АР-ҰЯТ		«Оян, ар мен адалдық»	Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлықпен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.	20.11
4	ТАЛАП		«Үнемділік инноваторы»	Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.	27.11
ЖЕЛТОҚСАН «Қазақстан-ұлы дала елі»					
1	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ		«Тарих пен тіл тамырлас»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу.	04.12
2	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	16-17 желтоқсан – Тәуелсіздіктің 32 жылдығы	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығымы» сынып сағаты, Ы Б Ы	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу.	11.12
3	ТАЛАП		«Туған жерімнің табиғаты»	Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.	25.12
		Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы			

ҚАҢТАР
«Ұлттық код» айы

1	АР-ҰЯТ		«Қызым – қызғалдағым, Ұлым – ізгі арманым»	Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығымен берекесін қадірлеуге, бауырмалдыққа тәрбиелеу.	08.01
2	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ		«Қазағымның қазынасы – домбыра»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.	15.01
3	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ		«Бата – ұлттық тәлім- тәрбие бастауы»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.	22.01
4	ТАЛАП		«Қалдықтарды табысқа айналдырайық»	Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және сенбек қорлыққа баулу.	29.01

АҚПАН
Оқуға құштарлық айы

	ТАЛАП		«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»	Сыни және креативті ойлауға, білуге, жаңаны тануға құштар болуға баулу.	05.02
2	АР-ҰЯТ		«Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өмірдің қас жауы»	Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.	12.02
3	ТАЛАП		«Үшқырой мен шешентіл»	Сыни және креативті ойлауға, білуге, жаңаны тануға құштар болуға баулу.	19.02
4	ТАЛАП		«Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі бола ала ма?»	Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.	26.02

НАУРЫЗ
Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы

1	АР-ҰЯТ	<i>Інаурыз–Алғыс айту күні</i>	«Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту»	Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін	04.03
---	--------	--------------------------------	--------------------------------------	--	-------

				жоғарыұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.	
2	АР-ҰЯТ	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды»	Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасының татулығымен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.	11.03
3	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы	«Наурыз тойы – мерекем, Салт-дәстүрім – берекем»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу	18.03
		Ата – аналар жиналысы		Оқушылардың тоқсан бойынша оқу үлгерімі және тәртібі	

СӘУІР

Экологиялық мәдениет айы

1	ТАЛАП	7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні	«Дені саудың – тәні сау»	Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.	01.04
2	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	12 сәуір – Ғылым күні	«Елі сүйер, елін сүйер ұлан бол»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу	08.04
3	АР-ҰЯТ	22 сәуір – Халықаралық Жер күні	«Жер анаға мың тағзым»	Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.	15.04
4	ТАЛАП		«Ақша: сіздің уақытыңыздың бір сағаты қанша тұрады?»	Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлауға баулу.	22.04
5	ТАЛАП		«Қоқыссыз әлем»	Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.	29.04

МАМЫР

Бейбітшілік пен татулық айы

1	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні	«Ұлттар достастығы»	Татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу	06.05
2	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ	7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Жеңіс күні	«Ел қорғаған батырлар ерлігі ұрпаққа мұра»	Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдыққа тәрбиелеу	13.05
3	ТАЛАП		«Тиімді жазғы демалыс. Оқушыларға оқуға ұсынылатын 100 кітап»	Білуге, жаңаны тануға құштар болуға тәрбиелеу, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілетуге баулу.	20.05
		Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы			

№14 «ЖОББМ» КММ 9-сынып
2023-2024 оқу жылындағы Біртұтас тәрбие жұмысының есебі

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді.

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;
- ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды.

Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады. Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріштейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелесуді көздейді. Жоспар бойынша төмендегі шаралар өткізілді:

01.09.2023 жылы «Мектебім-мейірім мекені» атты алғашқы қоңырау, білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және Отаншылдық», тақырыптарында сынып сағаты өткізілді.

04.09.2023 жылы А.Байтұрсынұлының туған күніне күніне орай «Ұлттың ұлы ұстазы» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Қарттар күніне арналған жоспар құрылып, «Дария кеуде тау мүсін, қарттарым есен сауымысың» атты сынып сағаты, «Мейірім почтасы» видеоқұттықтаулар, «Менің атам және әжем» тақырыбында шығармалар байқаулары өткізілді.

Ұстаздар күніне орай жоспар жасалынды, осы жоспар негізінде 02.10-06.10 күндері арасында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

Қайырымдылық -халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. 11 қазан күні мектеп мұғалімдері және оқушылар мен ата-аналардың ұйымдастыруымен «Алтын күз!» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеде сынып оқушылары мен ата-аналар мектептің қайырымдылық ісіне үлкен үлес қосып, жақсы көңіл күй сыйлай білді. Өз қолдарынан дайындаған тағамдарды санитарлық талаптарды сақтай отырып сатты. Жәрмеңкеден түскен қаражат қайырымдылық көмек ретінде жұмсалды.

Республика күнін мерекелеуге арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша «Менің елім!», «Қазақстаным – мақтанышым!» атты сынып сағаты өткізілді.

07.12-15.12.2023 жыл аралығында ҚР тәуелсіздік күніне арналған жоспары негізінде поэзия кеші, патриоттық әндер фестивалі, патриоттық сынып сағаты «Елімнің бақытын тербеткен - Тәуелсіздік» атты салтанатты концерттік бағдарлама өткізілді.

«Қош келдің Жаңа жыл!» атты жаңа жылдық іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

"Жас ұлан және өзін өзі басқару" ұйымының белсенді мүшелері арасында "Нашақорлыққа жол жоқ" атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел сұхбат, әңгімелесу, пікірталас арқылы өтті. Оқушылар темекі, арақ, есірткі ұғымы туралы жалпы ойларын ортаға салды. Темекінің зияны туралы бейнебаян көрсетілді. Бейнебаян бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларға темекі, арақ, есірткі, ЖҚТБ – ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан – жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана – сезімдерін дамыта түсу. 9-сынып оқушыларымен өмірге деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру мақсатында «Мен сені сүйемін өмір» атты тренинг өткізілді. Оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Ата-аналармен тоқсан соңында оқушылардың оқу үлгерімі, кездескен қиындықтар және оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жиналыстар өткізілді. Кейбір ата-аналармен оқушылардың білімі мен тәрбиесі төңірегінде жеке және топтық кездесулер өтті.

Нәтиже: Оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары мен іс –шаралар арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқауға болады.